

Тереңкөл ауданы Тереңкөл ауылдық округінің аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 5 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 6723 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабы 1 -1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес Тереңкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы Тереңкөл ауылдық округінің аумағында жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тереңкөл ауылдық округінің әкімі

А. Мангутов

Тереңкөл ауылдық
округі әкімінің
2020 жылғы 4 ақпандағы
№ 5 шешіміне
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Ауданы, гектар	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"Казактелеком" акционерлік қоғам	0, 21	Кабельдік кәрізді орналыстыру және қызмет көрсету үшін	10	Тереңкөл ауылдық округінің аумағында